

«Бекітемін»



ЖШС «БЕркежан» балабақша
Меңгерушісі: Илюбаева Г.Ж

**2023-2024 оқу жылына арналған «Еркежан» балабақшасының музыка қызметі бойынша
ортаңғы «Ақбота» тобының перспективалық жоспары.**

2023-2024 оқу жылы

«Ақбота» ортаңғы тобында музыкадан ұйымдастырылған іс әрекетінің тақырыптық жоспары

айы	ҰІӨ	ҰІӨ міндеттері
Қыркүйек	музыка	Музыка тыңдау Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.
Қазан		Музыка тыңдау Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға үйрету. Ән айту Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.
Қараша		Музыка тыңдау Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету. Ән айту Сөздерді дұрыс және анық айтуға, әннің сипатын бере білуге үйрету(көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

Желтоқсан	Музыка тыңдау Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтуға, әнді барлығымен бірге бастап, аяқтауға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: қоңырау, сылдырмақ, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.
Қаңтар	Музыка тыңдау Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таныстыру. Ән айту Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасыны диапазонында ән айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Би қимылдарын орындайды: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіруге үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.
Ақпан	Музыка тыңдау Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту Дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратуға(октава шегінде),әуеннің басталуы мен аяқталуын ажырата білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптардың: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанның дыбыстарын ажыратуға,ойнауға үйрету.

Наурыз		Музыка тыңдау Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту Барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға, сөздерді анық айтуға, әннің сипатын жеткізуге (көңілді, созып, ойнақы айту)үйрету Дыбыстарды биіктігін(октава шегінде),әуеннің басталуы мен аяқталуын ажыратуға білуге үйрету.Әнді мәнерлеп,сипатына сай орындауға баулу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.
Сәуір		Музыка тыңдау Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Ән айту Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық -ырғақтық қозғалыстар Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.
Мамыр		Музыка тыңдау Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

«Ақбота» ересек тобында музыкадан ұйымдастырылған іс әрекетінің тақырыптық жоспары

айы	ҮІӨ	ҮІӨ міндеттері
Қыркүйек	музыка	Музыка тыңдау Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу.Әртүрлі сипаттағы,қарқындағы музыканы тыңдау. Ән айту Әуенді дұрыс,нақты интонациялайды,сөздерді дәл айтады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Би қимылдары,ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық аспапта ойнау Фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау.
Қазан		Музыка тыңдау Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды таниды және атайды. Ән айту Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды орындау,дауыстап және төмен дауыспен ән салу,қол қозғалысымен көрсетуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Марш сипатын ырғақты жүріспен беру.
Қараша		Музыка тыңдау Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды). Ән айту Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Музыкалық аспапта ойнау Таныс әндерді балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарда орындау. Билер Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану

Желтоқсан		Музыка тыңдау Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. Билер Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.
Қаңтар		Музыка тыңдау Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). Ән айту Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Музыкалық аспапта ойнау Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Билер Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту.
Ақпан		Музыка тыңдау Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. Ән айту Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды. Музыкалық аспапта ойнау Ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнау. Билер Шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.

Наурыз		Музыка тыңдау Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту Әртүрлі сипаттағы әндерді орындауға, дауыспен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын көрсетуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Музыкалық аспапта ойнау Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.
Сәуір		Музыка тыңдау Музыка жанрларын анықтауға үйрету. Ән айту Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Музыкалық аспапта ойнау Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер Атрибуттармен би қимылдарын орындау.
Мамыр		Музыка тыңдау Музыканың биге тән сипатын қабылдау. Ән айту Фразалар арасындағы тыныс алу, әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Музыкалық аспапта ойнау Шулы оркестрде ойнау.